



«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖАҢА ҚҰРАМЫН САЙЛАУ ТУРАЛЫ

2020 ж. 26 мамыр, Алматы қ., «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (бұдан әрі – Банк) 2020 жылғы 22 мамырда Директорлар кеңесінің бастамасы бойынша және акционерлер жалпы жиналысының отырысын өткізбестен сырттай дауыс беру арқылы (бұдан әрі – акционерлердің жылдық жалпы жиналысы) жүргізілген Банк акционерлерінің жалпы жиналысы өткені туралы хабарлайды.

Банктің Директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімі Банктің жылдық жалпы жиналысында аяқталуына байланысты (Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2020 жылғы 22 мамырдағы №43 хаттамасы) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері етіп мына тұлғаларды: Александр Сергеевич Павловты, Петр Романовскиді (Piotr Romanowski), Арман Галиаскарович Дунаевты, Кристоф Рёльді (Christof Ruehl) және Фрэнк Кайларсты (Franciscus Cornelis Wilhelmus (Frank) Kuijlaars) тәуелсіз директорлар ретінде, Мажит Тулеубекович Есенбаевты «Холдинговая группа «АЛМЭКС» АҚ өкілі ретінде, Умут Болатхановна Шаяхметованы 3 жыл өкілеттіктер мерзімімен сайлау туралы шешім қабылданды. Жаңадан сайланған Банктің Директорлар кеңесі қабылдаған шешімге сәйкес (Банктің Директорлар кеңесінің сырттай отырысының 2020 жылғы 25 мамырдағы №35 хаттамасы) Александр Сергеевич Павлов Банктің Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

Осылайша, корпоративтік басқарудағы үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес Банктің Директорлар кеңесінің жаңа құрамы жеті директордан тұрады, олардың бесеуі – тәуелсіз директор.

Банктің Директорлар кеңесінің сайланған мүшелері Банктің жылдық жалпы жиналысын өткізу күнінде Банктің дауыс беруші акцияларына және Банктің еншілес ұйымдарының акцияларына (жарғылық капиталға қатысу үлестеріне) иелік еткен жоқ.

Банктің Директорлар кеңесінің жаңа құрамы туралы толығырақ ақпарат мына мекенжай бойынша орналастырылған: <https://halykbank.kz/about/leadership>

«Қазақстан Халық Банкі» (Halyk Bank) клиенттер базасы мен таралу желісі ең үлкен болатын Қазақстандағы ең ірі қаржы тобы әрі жетекші бөлшек сауда банкі болып табылады. Банк әмбебап қаржы тобы ретінде дамып келіп, өзінің бөлшек сауда клиенттеріне, шағын және орта бизнес клиенттеріне және корпоративтік клиенттеріне қызметтердің кең ауқымын (банктік, зейнетақылық қызметтерді, сақтандыру, лизинг бойынша қызметтерді және активтерді басқару қызметтерін) ұсынууда. Сонымен бірге Банк өз операцияларын Ресейде, Грузияда және Қырғызстанда, Тәжікстанда және Өзбекстанда іске асырады

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ бағалы қағаздары Қазақстанның (KASE, AIX) және Ұлыбританияның (LSE) қор биржаларында айналымда жүретін листингтік компания болып табылады.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ PR-қызметі
тел. +7 727 2 590 816, pr@halykbank.kz, www.halykbank.kz